

ЕКІ ОШАҚ – БІР ҮЙЕЛМЕН

Көп әйел алу, нақтырақ айтсақ, бір ер – екі... кешірініз, атам қазақтың “ханым” мағынасындағы қастерлі сөзі – екі қатын мәселесі, жаңылмасық, тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде көтерілді. Біреуге күлкі, біреуге түрпі көрінген. “Бетім-ау, бұл не сүмдықтан” басталып, ойбай-аттанға ұласқан. Бірақ әңгіме мұнымен тоқталмады, бықсып, қоздап, қайта-қайта көп алдына шыға берген. Ақыры, өткен жылы, сөз ұшығы парламентке дейін жеткен кезде, “халық қалаулысы” аталатын бәйбіше-жолдастар: “Онда, әйелдердің екі күйеуге тиоі туралы занды қоса қабылдау керек!” – десті, әлде қарсы дәлел, әлде қапелімде ауыздан шығып кеткен аяулы арман, – осыдан соң-ақ азат қазақтың қайтадан көп әйел алуы туралы ресми әңгіме құрдымға кетті. Енді біз, ақсақал болып, алпысқа иек артқан шағымызда, осы бір мәселені қайта көтергіміз келіп отыр. Өзіміз үшін емес, халқымыз үшін, бүгініміз үшін емес, болашағымыз үшін. Тоқ етерін айтсақ, советтік жаңа тәртіп, кәпірлік теріс ғұрып зорлықпен тиым салған ата салтымыз қайтадан қоғам өміріндегі өзінің игілікті орнын алуы керек.

“Ескіліктің қалдығына” қарсы құрескер, аттаншы әйелдеріміз бен жалтақ, шыжалак еркектеріміз, осы дауды көтерген азаматтар мен сырттай тамашалаған жамиғат мүлде ескермеген, ой салмаған бір мәселе бар. Заң қабылданды, – рұқсат етілді немесе тиым тоқталды, негізі бір-ақ – нәрсе, екі әйел (көп әйел) алуға болады еken дейік. Ескермеген, ойланбаған деп отырғанымыз – ешкімді ешкім зорламайды! Алғыңыз келді – аласыз, бақытты болыңыз, игілігін көріңіз. Алғыңыз келмеді – алмайсыз, бар бақытыңыз, бар қызығыңыз басыңыздан көшпесін. Мәселен, неке туралы заң бар, бірақ бойдаққа тезірек үйлен деп, кәрі қызға, немесе жесірге тезірек күйеуге шық деп кім зорлық жасапты – жүргісі келсе, жүреді, алғысы келсе алады – өз еркі. Екі әйел (көп әйел) алу, немесе полигамия да сол сияқты, ешбір үкімет, ешбір ұйым мен партия, ешбір жеке кісі бір әйелмен қалғысы келген азаматты бүйдалап апарып, екінші бір әйелге қоспайды. Соған сеніңіз. Ерікті екеніңізге. Бұл ерік екі жаққа бірдей қатысты. Яғни, тоқалдыққа бармақ екінші (үшінші, төртінші) әйелдің ғана емес, бәйбішениң, яғни, әуелгі, алдыңғы әйелдің де келісімі шарт. Арғы заманың өзінде солай болған, шаригат заңы үлкен әйелдердің ризашылығын талап еткен, ал рәсім, заң сақталмаса, оның кінәсі адамда ғана. Яғни, әлдебір азамат екінші ошак көтергісі келсе, ол – жаңа үйелмен құрамақ бір ерек, екі әйел – үш адамның бірдей ризашылық, ықыласымен жүзеге асады, және бұл ретте мәселенің түйінін шешетін – алғашқы әйел. Үш адам (әзірше үшеу болсын) жаразтық тапты, бас құрауга ынтызар еken, – ай далада жатып несіне шала бұлінесіз?

Осы арада екінші бір келенсіз жағдаяттың ұшығы шығады. Еуропада, Батыстың өркениетті елдерінде моногамия – дара неке қалыптасқан, мәдениеттің, т.с.с. белгісі – осы, ал сіздікі – надандық, ескілік, т.т. дейсіз. Орта ғасырдағы жабайы Еуропада әйелдер дамбал мен ішкөйлек киүоді,

төсекке ақжайма салып жатуды полигамиялы мұсылман-арабтардан үйренген болатын. Отбасы, неке мәселесіне келсек, сол, озық ойлы Еуропада өткен ғасырларда қалай болғанын классик жазушылардың шығармаларынан, қазір қандай халге жеткенін бывалыт-бұзық фильмдерінен көріп жүрміз: сөз жүзінде бір неке, оның өзі ауыспалы, өзгермелі, ал шын мәнісінде, барлық уақытта ердің бес ойнасы, әйелдің он ойнасы бар, және ешқандай сөлемек емес, қалыпты өмір салты, мұныңыз – моногамия емес, полигамия да емес, тіпті, арыдағы кейбір халықтардың салтында болған топтық неке де емес, іріп-шіріген азғындықтың ғана көрінісі. Соның өзі адам баласына тән былық-шылық екен; ерек пен ерек қатынасатын, әйел мен әйел жұғысатын тіпті, заңды түрде некеге отыратын жириенішті пәлелер бар, олар да өздерінің “адамдық құқығы” үшін күресіп, кейде тіпті, ереуілдеп, көшеге шығып жатады екен. Сонда, азат әлемде отбасы – шартты, ойнас – қалыпты іс болса, еркекті қатын қылу, әйелді бай қылу сөлемек саналмаса, неге бізде тағы бір әйел алу тағылық деп бағалануға тиіс? Жаратушы құдыреттің құрт-құмыртқа, бақа-шаяннан бастап, әрқылы жан-жануардан өтіп, адам ұлына еншілеген, негізгі мәні ұрпак жалғастыруға ғана тірелетін қасиетті сыбағасы емес пе. Осының бәрін жинап қойғанда, Батыста көп айттылатын адам құқығы дейтін ұғым тек азғандар мен алжасқандардың ғана қорғанышы ма – ақыл-есі түзу, түйсік-сезімі бағдарлас үш адам тағдырын қосқысы келеді – олардың жолына кесе қолденен тұрған зорлық қандай құқықтың заңын аясына сыймақ? Қайталап айттайық, үлгі тұтқан Еуропа мен Американызда ерек пен ерек үйленеді, әйел мен әйел үйлеседі, мұндай былық некедегі әрбір ерек – әрі бай, әрі қатын қызыметтін атқарады, әрбір әйел әрі қатын, әрі бай міндеттін атқарады, айтқанның өзінде ауыз былғанатындей сүмдіқ, ал осының бәрі адам құқығы болғанда, бір еркектің екі әйел алуы, немесе екі әйелдің бір ерекке шығуы неге заңдан тыс қылмыс, әдетке қайшы сөлемек ретінде бағалануға тиіс?

Осының бәрі – біздің ата салтынан алыстап кеткеніміз ғана емес, ұлттық мінез, танымнан айрылғандығымыз, Батыстың сасығы жұпар болып, қоңысы қазына болып көрінген дүнгени мәнжубастығымыз. Бір сөзбен айтқанда, советтік-отарлық сананың айқын көрінісі. Алайда, заман алға басады, дербестікке ұмтылған, болашағын қамдаған әрбір ұлт қолайсыз бір кезенде бойына жүққан жат мінез, теріс ғадет, жарамсыз жүқканалардан тазаруға ұмтылады. Ата дәстүрін жаңғыртып, оны жана заманға сай сипаттармен бекемдей түседі. Неше мың жылдық тарих сиынынан өткен, қазаққа тән қалыпты некеге көшу туралы мәселенің қайта көтерілуі де ұлттық мәні бар өзгеше құбылыс. Ешкім тоқтатып тұра алмайды. Сөзді ғана емес.

Біз айттып жатырмыз-ау, болуы керек деп. Төнірегінізге қараныз, баяғыда болып қойған. Жаппай емес, әрине. Бірақ сирек те жағдай емес. Ресми тіркелмегі демесек. Бүгінгі кеңшіліктің арқасы. Кеңшіліктің арқасы – тіркелмеуі емес, тіркелмеуіне қарамастан, өзінше орын ала

бастауы. Және ешкім таңырқамайды. Күн озған сайын көбейе берері күмәнсіз. Яғни, ерте ме, кеш пе, қалышты жағдаятқа айналмақ.

Енді, жұрт біраз айтқан, қажеттілік мәселесіне тоқтала кетейік. Екі (көп) әйел алу туралы (рұқсат етілген, немесе тиым салынбаған) заңның қажеттігіне.

“Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді”, – деген қазак. Екі әйелді біреу жетіскеннен алады, біреу жетіспегеннен алады. “Жетіспегені” – жетіспегеннен алғаны, немесе ала алмағаны бүрнада өте қайғылы халдерге соқтырған, қазір де онып жатқаны шамалы. Сүйіп қосылған жалғыз әйел бала көтерменті, мүмкіндігі жоқ, немесе болған, тұрмашан, әлдеқалай шетінеп кеткен, енді орны толмайды; мұндай жағдайда, күш-куаты мол, дені сау ерек қубас өтуге тиіс, өйткені әйелді қимайды, аяйды; тоқал алайын десе, алты-жеті, он бес-жиырма жыл серік болған бәйбішені тастауы керек; мінезі жұмсақ ерек жүре береді, ал мінезі қаттысы амал жоқ, жазықсыз, бақытсыз әйелді тастап, жай ғана тастамай, жылап айрылысып, жаңа отбасын құруға мәжбүр болады. Кейде айрылыс – қағаз жүзінде, көзей ғана болуы мүмкін, бұрынғыдан зайдың құрмаса да аралас, сыйлас өмір жалғаса береді, бірақ “жалғыз әйел” санағымен қалыптасқан тоқал көбіне-көп осының өзіне шыдамаса керек, тіпті, кейінгісі түсіністі, кең болған жағдайдың өзінде әуелгі әйел шаңырақтан тыс қалады. Ошағы бөлек бір үйелмен болуға екі әйел де риза, бірақ “өркениет заңының” зорлығы нәтижесінде бөлінуге, жат болып кетуге тиіс. Адам құқығын аяқтаған зорлық дегеніңіз осы.

“Жетіскең” – баласы да бар, басқасы да бар, қалай десеңіз де, алғысы келді – алып алды. Бірақ соған жеткенше көрмегені қалмайды. Әуелгі әйелден айрылысуға тиіс, ол байғұс бәйбіше атанып отыра беруге бейіл, байды бөлісер, бөліспес, балалары өскен, бәріне риза, бірақ заң-зәкүн бар, алыс-жақын бар, тастанды атануға мәжбүр. Немесе, екінші әйел де көнбіс екен дейік, ұнатқан, табысқан еркегінен айрылып қалмас үшін, екінің бірі болуға әзір; мұндай жағдайда екі шаңырақ та қолайсыз жағдайда қалады: заңды неке біреу-ақ, ендеше, не әуелгісі, не кейінгісі заңсыз тұрмыс құруға мәжбүр. Жария, табиғи отбасында “некесіз” дүниеге келген балалардың көңілі мен құлқындағы жарықшақ, қауымдағы жартыкеш жағдайы өз алдына. Ел аман, жұрт тынышта балаларды туған әкесінен айырган, аналарды заңды күйеуінен айырган неткен “өркениет”, – жабайы заңсыздықтың, Батыс әлемі аузынан тастамайтын “адам құқығын” аяқта басудың айқын көрінісі ғана.

Сонымен, екі әйел алуға рұқсат берілсе, немесе, сырайлап айтқанда, тиым салынбаса, шын мәнісінде тұрмыс құрып отырған қаншама ерлі-зайдың шынайы некесін заңдастырамыз, оның үстіне, қаншама адамның тағдырына ара түсіп, қаншама бақытсыздықтың алдын аламыз. Бұл – болып қойған, болмай қоймайтын жағдаяттар туралы әңгіме.

Енді талай айтылған, бірақ заң шығарушы орындар тұрыпты, өзіміздің көпшілік жүрттың көкейіне қонбаған кейбір мәселелерді пысықтайық.

Қазақтарды қойдай айдал апарып қырғызып салған Орыс Отан соғысынан кейін біздің жүртта да әйел көп, ерек қат болып шықты, елу

жыл өтті, бүгінгі, бейбіт аталған алас-қапас заманда да ерлердің өлім, қазасы мол, ондаған мың қыз отырып қалды, одан да көп жас жесірлер мен еріксіз айрылғандар екінші қайтара неке құра алмай өтіп барады. Екінші әйел мәселесі осындай, табиғатқа жат қоғамдық дертті толық болмаса да жазуға, женеңдегетуге септесер еді.

Осыншама ұлан-байтақ жері бар халқымыз қазіргі заманда өзінің аздығынан ғана жапа шегіп отыр. 32-жылғы советтік ашаршылық апаты болмаса, қазір кем дегенде жиырма бес-отыз миллионға жеткен қазақ әлемдегі ең қуатты елдердің бірі болуға бет түзеп, шалқып-толқып отырар еді; бірақ біздің үмітіміз сөнген жоқ, болашақта өз жерімізге өзіміз ие болып, ұрпағымыз құлдықтан тыс, еркін өмір кешуі үшін халқымыздың саны еселеп өсуі қажет; сырттағы қазақтың бас ордаға бет бұруы, көші-кон, әлеуметтік, тұрмыстық мәселелер өз алдына, екі ошақ – бір үйелмен жағдайында халқымыздың саны еселеп көбейер еді. Елдің болашағы үшін ең басты игілік те осы.

Осы орайда, полигамия – мана айтқанымыздай, әркімнің ерікті құқығы екені өз алдына, жалпыдан тыс, жекелік сыппаттағы құбылыс. Жүрттың бәрі бірдей екі әйел алмайды, – алғысы келмейді немесе ала алмайды, өйткені екі әйел алу үшін азаматтың қуаты ғана емес, дәuletі де болуы керек, міндетті тұрде екі үй, бай болмаса да баршылық тұрмыс жайы дегендей. Арғы, ата қазақ заманының өзінде көпшілік жүрт моногамия ауқымында болған, екі және үш-төрт әйел алғандар, шамамен, он пайыздан аспаса керек. Бізде де, үйреншікті қалыпқа түскен күннің өзінде содан оза қоймас. Әзірше үш-бес пайызға жетсін дейік. Бірақ осы жағдайың өзінің қазақ қоғамын сауықтыруға өлшеусіз себі тимек. Бір кездерде ошақтың құты болған, өзін періште сезініп, еркекті пір тұтқан қазақ әйелі кәпір қауымының жарамсыз мінез, ғұрыптарын жұғыстырып қана қойған жоқ, олардан он есе асып түсті, қазір жер әлемде еркегін сыйламайтын ұрғашы болса, ол – қазақ әйелі: совет заманында бала да әйелдікі болды, мүлік те әйелдікі болды, билік пен бүлік те әйелдікі болды, көкайыл, ойнашыл қатынның өзін заң қорғады, қорлыққа шыдамай айрылысқан ерекек қызметтен қуылды, қоғамнан аласталды; осы ахуал, әсіресе, шаңырақ шайқалған жағдайда барлық бала әйелдің жеке билігіне көшуі – қазақ отбасын аздырды, қазақ әйелін мулде жүгенсіз жіберді. Бұл әрине, өз алдына әнгіме, біздің бұл жерде айтпағымыз – екі әйел мәселесі қүшіне енсе, ең алдымен қазақ отбасы сауығар еді, яғни, кайталап айтайық, жүрттың бәрі бірдей екі әйелге көшпейді, сол, үйдегі жалғыз әйелдің өзі тәубасына түсіп, екі-үш әйелдің бар мейірін, бар пейілін өз бойынан табар еді, баяғы бір замандағы аналары сияқты, еркекті пір тұтып, өздері ошақтың құтына айналар еді, бір бала, екі баламен қатырып қоймай, сәбидің санын тым құрса үшеу- төртеуге жеткізер еді, адамгершілік заңына қайши совет зәкүнін арқа тұтқан бетпақ долылығын азайтып, әйелдің сұлуулығын, ананың ізгілігін бірінші орынға қояр еді.

Содан соң...

Ақын Абай – ұлы Абай, данышпан Абай – екінші әйелден туған.

Сайыпқыран Тәуекел хан, Еңсегей бойлы Ер Есім хан – екінші әйелден туған.

Абылай баҳадұр хан – некелі төртеудің сыртында, әлде бесінші, әлде жетінші... әйелдің құрсағында жаралған.

Абылай ханның өзі он әйел алған, бір әйелден – Қасым сұлтан, Қасымнан – бәйбішеден Есенгелді, Саржан сұлтандар, соңғы, төртінші, бесінші тоқалдардан Кенесары хан, Наурызбай сұлтан; енді бір әйелден – Үәли хан, оның немересі – Шоқан; енді бір әйелден тараған ұрпақтың түйіні – кешегі тарихшы Ермұхан Бекмаханов... Басқаларын айтпай-ак қояйық.

Арыдағы Әз-Жәнібек ханның әлде үш-төрт, әлде бес-алты әйелден туған тоғыз ұлы – Еренші, Махмұт... Жаныш, Таныш... Қасым хандар Қазақ Одасының тоғыз торабын бірдей берік ұстады, біздің халық болып қалыптасуымыз, ел болып іргеленуіміз жолында өлшеусіз қызмет атқарды.

Жақсы ұлдың бірінші ме, екінші ме – қандай анадан туары кесімсіз, анық ақиқаты, береке – көpte, күш-қуат та көpte, ақылмандар мен арыстандар да сол көптің ішінен шығады.

Қазіргі ию-қиу заманда қазақтың елдігінің ең әуелгі шарттарының бірі – көп болу. Соңдықтан да нешеме мың жылдан бергі ата салты – соңғы жетпіс-сексен жыл орайында, онда да Советтер шегінде ғана тиым салынған, сыртқы зорлық күштер үзіп тастаған, бірақ біржола тоқталмаған өміршең дәстүріміз – полигамия қайтадан қалпына келтірілуге тиіс.

Сөз соңында, манағы, “әйелдерге де екі қүйеуге тиуге рұқсат берілсін” деген келіншек жолдастарға айттар уәж: сөзіңіздің ешқандай сөкеті жоқ, ондай адам тапсаныз, қазіргі қүйеуіңіз және келіссе, екеуіне бірдей тие беріңіз, заңға қарамаңыз, тоқал алып қойған жігіттерімізді ешкім де ұстап тұра алмағаны сияқты, сізге де ешкім тоқтау жасауга тиіс емес.

Анғал жұрт жазушы бірдене жазса, өзін жазып отыр деп ойлады. Қазақтың ескі сөзі бар, “Бақсының айтқанын жаса, жасағанын жасама” деген. Біздікі қашанда айту ғана. “Әйткенмен, өзі қалай...” деп ойлауы мүмкін ғой кейбір ағайындардың Анау-мынау емес, тоқал мәселесі. “Таздан тарақ қалған...” десек, намыс. Шынымызды айтайық. Жас кезімізде бар қызығымызды, бар керегімізді бір әйелден таптық. Және анда-мұнда мойын бұруға уақыт жетпеді. Енді, егде шақта, басқа болмаса да, көніл бұрынғыдай, бірақ бәйбіше рұқсат бермес, балалардан тағы ұят, ең бастысы – уақыт тарыла түсті, амалсыз тамақ ішесің, амалсыз ұйықтап тұрасың, жазудан басқаға ынта да, мұрша да жоқ. Шынымыз осы. Яғни бұл мақала өзіміз үшін емес, өзгелер үшін жазылды.

Қалжынды қойып, анық ақиқатына көшсек – “Екі ошақ – бір үйелмен!” – бүгін күн тәртібіне салынып, жаңа ғасырдың алғашқы жылдарында жүзеге асырылуға тиіс ұран, қазақ қогамының болашағы, қазақ жүртіңің ұлттық мұддесі мен мәңгілік мұраты жолында айрықша мәнді мәселе.

Біз дүниеге қазақтың көзімен қарап, барлық істі қазак мұддесіне орай шешуге тиіспіз.

8.VIII.1999.